

ХАТТАМА № 9

Уақыты: “6” мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: Алқа мүшелері, Қосшы қаласы бойынша кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор Г.Е. Нурғалиева

Күн тәртібінде:

- «Оқушылардың жазғы қауіпсіз демалысы»: каникул кезіндегі өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау (судағы, жолдағы, өрт қауіпсіздігі, түнгі уақытта көшеде жүрмеу);
- «Кәмелетке толмағандардың жазғы уақытта жұмыс істеу құқықтары»: жасөспірімдердің еңбек құқықтары, заңды жұмыс уақытының ұзақтығы және еңбекті қорғау талаптары;

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Капов А.М. сөз сөйледі. Ол жазғы ұзақ каникул кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты міндет екенін ескертті. Оқушылар мен ата-аналарға суда шомылу ережелерін қатаң сақтау (тек рұқсат етілген орындарда шомылу), жол қозғалысы қауіпсіздігі (велосипед, самокат, мопед тізгіндеу ережелері) және өрт қауіпсіздігі туралы нұсқамалықтарды таныстыру қажеттігін айтты.

Мектеп инспекторы жаз айларында да ҚР заңнамасына сәйкес сағат 23:00-ден кейін кәмелетке толмағандардың көшеде ата-анасыз немесе заңды өкілсіз жүруіне тыйым салынатынын, бұл бағытта түнгі рейдтердің тоқтаусыз жүргізілетінін ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қосшы қаласы бойынша кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор Г.Е. Нурғалиева жазғы демалыста өз бетінше жұмыс істеп, табыс тапқысы келетін жоғары сынып оқушыларының (14-18 жас) еңбек құқықтары туралы маңызды ақпаратты ортаға салды. Ол Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасөспірімдердің еңбек құқықтарын қорғаудың келесі негізгі талаптарын түсіндірді:

- ✓ Жұмысқа қабылдау жасы: 14-16 жастағы жасөспірімдер ата-анасының біреуінің (заңды өкілінің) жазбаша келісімімен ғана, ал 16 жастан бастап өздігінен еңбек шартын жасаса алады.
- ✓ Жұмыс уақытының шектеулері: Каникул кезінде 14-16 жастағы балалар үшін аптасына — 24 сағаттан, ал 16-18 жастағы жасөспірімдер үшін аптасына — 36 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді.
- ✓ Тыйым салынатын жұмыс түрлері: Кәмелетке толмағандарды ауыр жұмыстарға, зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайлары бар орындарға (түнгі ауысымдар, барлар, ойын клубтары, ауыр жүк тасу) жұмысқа алуға заң бойынша қатаң тыйым салынады.
- ✓ Еңбек шарты: Балалардың еңбек қанаушылығына тап болмауы үшін міндетті түрде жұмыс берушімен ресми Еңбек шартын жасасу қажеттігі ескерілді. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы «Жасыл ел» бағдарламасы мен мектеп маңындағы көгалдандыру жұмыстарына қауіпсіз орналасу мүмкіндіктері таныстырылды.

Шешімі:

- Сынып жетекшілеріне мамыр айының соңына дейін барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаттарын өткізілсін;

